

KASE ОҚИҒАЛАРЫ

- ▲ 26 шілдеде Қазақстан қор биржасында "Каспий нефть" АҚ акцияларымен арнайы мамандандырылған сауда-саттық жүргізілді. Барлығы 10 мың жай акция сатылды, жалпы көлемі 110,8 млрд теңгені құрады. KASE акцияларының тізімі екі жаңа құралдармен толықтырылды. Олардың ішінде "Алматы қаласы аймақтық қаржы орталығының рейтингтік агенттігі" жай акциялары, сондай-ақ "Standard Life" өмірді сақтандыру компаниясы" акциялары қосылды.
- ▲ "BCC Invest" АҚ басқаруындағы "ЦентрКредит - Валютный" ИЖЗҚ пайлары Қазақстан қор биржасына "Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары" секторына 24 шілдеден бастап, аралас алаңына енгізілді. Аталмыш пайлармен Қазақстан қор биржасында сауда-саттық ашылу туралы қосымша хабарланады. "ЦентрКредит - Валютный" ИЖЗҚ кастодианы "Сбербанк России" еншілес банкі АҚ (Алматы) болып табылады.


ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- ▲ "БАСТ" АҚ өндірістік қуатын екі есе арттырғаны туралы хабарлады. Мақсұт мыс-никель кен орнында жаңартылған байыту фабрикасы ресми түрде іске қосылды. Компания сондай-ақ, екінші тоқсандағы қызмет нәтижесін ұсынды. Бірінші жартыжылдықта таза шығынға ұшырауына қарамастан, инвесторлар жаңа кен байыту фабрикасының ашылуы туралы жаңалыққа оң көзқарасын білдірді. Артынша акциялардың құны апта қорытындысы бойынша 8,7 % пайызға 49 670 теңгеге артты.
- ▲ Ferro-Alloy Resources Limited жай акцияларына жазылым өткізілген жоқ деп жарияланды. Өтінімдерді қабылдау кезеңінің қорытындысы бойынша өтінімдер көлемі мен оларды бөлу қайталама нарықта тиісті өтімділігін қамтамасыз ету үшін жеткіліксіз болып жарияланды. Осыған орай, Эмитент түскен өтінімдерді қанағаттандырмау туралы шешім қабылдады. Эмитент өзінің инвестициялық бағдарламасы үшін қаржыландыруды тарту бойынша әлеуетті стратегиялық / қаржы инвесторларымен талқылауды жалғастыруда, сондай-ақ ағымдағы жылдың соңына дейін Лондон қор биржасында (LSE) акцияларын листингілеуді жүзеге асырады. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, KASE және LSE акцияларды қатар түрде орналастырады, және қосарлама листинг Эмитенттің акцияларының неғұрлым үлкен өтімділігін қамтамасыз етеді.
- ▲ 02 тамызда Қазақстан қор биржасында Астана қаласының жергілікті атқарушы органының облигацияларын орналастыру бойынша арнайы мамандандырылған сауда-саттық өткізіледі. Облигацияларды өтеу мерзімі - 680 күн немесе 1,9 жыл. Облигациялар купондық мөлшерлемені жылдық 9,2 % , төлем мерзімділігі жылына 2 рет – 23 желтоқсан және 23 маусымда. 07 тамызда Қазақстан қор биржасында МЕОКАМ-36 89 –шығарылымын орналастыру бойынша арнайы мамандандырылған сауда-саттық өткізіледі. Облигацияларды орналастыру күні – 10.04.17, өтеу мерзімі – 2,7 жыл (963 күн). Купондық мөлшерлеме – жылдық 9,1 %. Купондық төлем жылына екі рет жүзеге асырылады. Айналымда қазіргі уақытта 10,2 млн облигация орналасқан.



Осы аптада KASE Индексі 2,1 % пайызға 1 778,9 нүктеге дейін өсті. KAZ Minerals акцияларының өсімі байқалады, олардың бағасы апта ішінде алты жылдық шарықтау шегіне жақындады. Акциялардың максималды бағасы 2 935 теңгеге жетті, сондай-ақ 6-жылдық максимум шегі 3 200 теңге деңгейінде.

KASE индексінің акциялары



Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі



28.07.2017

Трендтер (%)

KASE Индексі	1 778,9	2,1	10,2
Өтімділіктің бірінші сыныбы	Цена	Δ 7д	Δ 1м
KAZ Minerals	2 901,0	10,0	45,8
QAZKOM (прив.)	72,1	3,79	20,2
Kcell	1 320,0	1,9	4,8
КазТрансОйл	1 205,2	1,7	4,5
KEGOC	1 347,0	1,0	1,7
Bank of America	7 923,0	0,93	4,5
РД КазМунайГаз	19 150,0	0,8	5,8
РД КазМунайГаз (прив.)	7 130,0	0,4	5,2
Казхателеком (прив.)	6 906,2	0,0	8,8
Народный банк	78,5	0,0	7,6
Estate Management Company (прив.)	84 975,0	0,0	0,0
QAZKOM	138,5	0,0	184,4
Сбербанк (Россия)	899,2	-0,1	12,7
Банк Астаны	1 163,0	-0,2	-88,4
Банк ЦентрКредит	160,0	-1,6	1,9
АЗМ	13 878,7	-1,9	-0,6
Казхателеком	16 351,1	-2,7	-0,8
Аэрофлот (Россия)	1 139,7	-3,0	8,5
Газпром (Россия)	652,0	-3,7	-0,9


Соңғы айда компания акциялары мыс баға белгілеудің оң тренді қалыптастыру, инвесторлардың оптимистік көзқарасы, сондай-ақ мықты өндірістік нәтижелерін жариялау негізінде, 40 % -дан артық өсті. Өндіріс көлемі 2 еседен артық өсіп, Бозшакөл және Ақтоғай жаңа жобалары негізінде өндірістік қызметті арттыру есебінен 118 мың тонна мысты құрады. KAZ Minerals Тобының Басқарма төрағасы хабарлағандай, өндірістік көрсеткіш өсімі өнімнің құнына оң әсерін тигізуі тиімді фактор болып табылады. Апта қорытындысы бойынша акцияның құны 10,0% өсіп, 2 901 теңгеге жетті.

Простые акции Қазақтелекомның жай акциялары осы аптада аутсайдерлер қатарында, олардың құны 2,7 % төмендеп, 16 351 теңгеге дейін жетті. Сондай-ақ, 28 шілдеде компания ағымдағы жылдың 22 қыркүйегіндегі акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізгені туралы хабарлады. Күн тәртібіндегі жалғыз мәселе - 2017-2019 жылдарға арналған компанияның шоғырландырылған негіздегі қаржылық тұрақтылығы коэффициентінің мақсатты және Межелік мәнін бекіту туралы.




Апта ішінде қаржы нарығының мөлшерлемесі базалық мөлшерлеменің пайыздық дәлізінің тменгі шекарасына жақындады. Репо сегментіндегі кірістілігі өзгерген жоқ десе де болады және жылдық 9,50% құрады, валюталық своп нарығы сегментінде – жылдық 9,57 % құрады.

Инфляция және пайыздық мөлшерлеме




Ұлттық Банктің ноттарды апталық орналастыруы



*АҚШ долларымен барлық валюталық своп операциялары бойынша орташа сараланған кірістілігі.

Тәуекелсіз қысық кірістілігі




Доллар бағамы апта қорытындысы бойынша 0,5 % пайыздан 326,74 теңгеге нығайды. Теңге өсіп жатқан мұнай бағалауына және өтіп жатқан салықтық апта тарапынан қолдауларға қарамастан, рубльдің артынан әлсіреп барады. Ливия мен Сирия келісімге біріктіру нұсқасы қарастырылған, ПЕК+ елдерінің мониторингтік комитетінде кездесуінің қарсаңында, мұнай бағалаулары апта бойы сенімді өсіп отырды. Апта ортасында инвесторлардың назары 10,2 млн баррель мұнай қорының 3 млн азаюы туралы есеп берген Америка Мұнай институтының мәліметтеріне тоқтады. Инвесторлардың назары таяу уақытта келесі аптаның басында Reuters агенттігі жариялайтын, шілдедегі ОПЕК елдерінің барлауды бағалау мәселесіне ауатын болады.

Ағымдағы аптада KASE рубль бағамы 0,5 % пайыздан 5,4987 теңгеге төмендеді. Рубль АҚШ тарапынан санкцияны кеңейту салдарынан қысымға алынып отыр. ЦБР Ресейдегі инфляция жеделдеуіне байланысты, жылдық 9 % көлемінде пайыздық мөлшерлемесін сақтап қалды.

Шет ел валюталарының бағамы динамикасы

Δ %, база (01.01.17)



Бағасы Δ 7к, % Δ 30к, % Δ 2017, %

— GBPKZT	427,78	+1,4	+4,3	+4,4
— USDKZT	325,58	+0,0	+1,1	-2,3
— EURKZT	381,51	+1,9	+5,3	+8,3
— CNYKZT	48,32	+0,5	+2,2	+0,6
— RUBKZT	5,49	-0,4	+0,5	+1,1

Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.

Brent мұнай құны

USD/баррель





Халықаралық индекстер						Шикізат нарығы			28.07.2017	
Атауы	Мәні	Индекс тренді			Фьючерс	Атауы	Бағасы	Тренд		
		7к	1а	1ж				7к	1а	
S&P 500	2 472,10	0,0	1,3	13,9	0,0	Мұнай	52,52	9,3	11,0	
Dow Jones	21 830,31	1,2	1,8	18,3	1,2		49,71	8,6	11,1	
PTC	1 014,44	-1,0	1,2	9,9	-1,0	Табиғи газ	2,94	-1,0	-4,1	
MMBB	1 916,75	-0,4	1,3	-1,9	-1,0	Мыс	287,50	5,9	8,1	
Hang Seng	26 979,39	1,0	5,0	21,7	0,9	Темір	517,00	0,3	26,3	
SS CSI 300	3 721,89	-0,2	2,1	15,5	-0,3	Алтын	1 269,64	1,2	1,6	
Euro Stoxx 50	3 467,73	0,5	-1,9	16,9	0,3	Күміс	16,70	1,7	-0,2	
FTSEuroFirst	4 173,50	-0,2	-1,9	11,4	-0,1	Астық	1 269,64	1,2	1,6	
FTSE 100	7 368,37	-1,1	-0,3	9,6	-1,2					
KASE	1 778,93	2,1	10,2	69,4						

Экономикалық оқиғалар күнтізбесі				Валюта	Болжам	Алдыңғы
31.07	Өндірістік сектордағы PMI (шілде)			CNY	51,6	51,7
31.07	Тұтыну құны индексі (ТҚИ) (ж/ж) (шілде)			EUR	1,3%	1,3%
01.08	Өндірістік сектордағы PMI (шілде)			GBP	54,3	54,3
02.08	Шикі мұнай қоры			USD		-7,2М
03.08	Англия банкінің инфляция бойынша есебі			GBP		
03.08	Пайыздық мөлшерлеме бойынша шешімі			GBP	0,25%	0,25%
04.08	Тұтыну құны индексі (ТҚИ) (ж/ж)			RUB		4,4%

Анықтама: Күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптаның экономикалық неғұрлым маңызды оқиғалары

В – миллиард
М – миллион
К – мың

Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы	Мәні	Күні	Жыл басына
Жылдық инфляция	7,5 %	01.07.17	8,5 %
ҚР ҰБ Жалпы халықаралық резервтері, млн USD	30 302	01.07.17	29 530
Қаржы базасы, млрд KZT	5 173,9	01.07.17	5 162,2
Қаржы массасы, млрд KZT	19 690,7	01.07.17	19 912,6

Қазақстанның несие рейтингі	Рейтинг	Күні	Алдыңғы
	BBB- негативті	10.03.17	BBB- негативті
	Вaa3 негативті	11.05.17	Вaa3 негативті
	BBB тұрақты	21.04.17	BBB тұрақты

"Қазақстан қор биржасы" АҚ




Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 050040,
Алматы қ., Байзақов 280 БЦ «Almaty Towers»

Тел.: 8 (727) 237 53 00

E-mail: kase@kase.kz

Корпоративтік сайтыңызда : beta.kase.kz
www.kase.kz



"Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі, . KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл , дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді . KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар;
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген.. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламын жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап;
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады. Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.